

дамуын камтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу [2].

Ендеше, «Ел боламың десең, бесігіңді түзе» демекші ел болып ұлт болып қаламыз десек, заман ағымына қарай бейнелеу өнеріндегі көркемдік, шығармашылық ерекшеліктер арқылы ұлттық тәрбие берудің негізгі мақсаты, ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізе отырып, ғасырдың жаңа сипаттағы ұлттық өнердің көркемдік ерекшеліктерімен интеллектуальды шығармашылықты басты нысанға алу қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бытовой жанр. Истоки: Материалы из Википедии-свободной энциклопедии: Версияи

2. Әлемдік мәдениеттану ой санасы. Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары /10томдық- Алматы: Жазушы, 2006.

3. Молдабеков Ж,Төлтуманың рухани бастаулары// Проблема духовности в современном мире.Сборник материалов международной научно-теоретической конференции, посвященной 70-летию К.Ш.Шүлембаева, 16-17 марта 2007. КазНПУ им.Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы.-Издательство «СаГа»-2007.

ДИЗАЙНДЫҚ ӨНЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ЖАҚЫНДАСУ ТҰСТАРЫ

Бодиков С. Ж.

*Академик Е.А. Бөкетов
атындағы ҚарМУ, аға оқытушы*

Ұлттық дәстүрлердің көркем білім берудегі және бейнелеу өнеріндегі жақындасуын саралау мәдениеті және өнер тарихы дәстүрлері арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты өнердегі дәстүр

сабақтастығы, қазіргі заманғы түбі бір, діні, ділі бір халықтардың көркемөнер мәдениеті ғылыми-өнертанымдық тұрғысынан қарастырылған. Өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркітілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы жолдары ұсынылған.

В статье рассматриваются проблемы осмысления сближения национальных традиций в изобразительном искусстве и в художественном образовании изучения дисциплины в высших учебных заведениях по истории изобразительного искусства и формирование творческих качеств студентов вузов тюркоязычных государств. Выявлены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и систематизированы содержание обучения в процессе высшего образования. Проанализированы эффективность модели совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и обоснованы критерий, показатели и уровни взаимосвязи вузов разных стран.

Әлемдік дәрежеде іргелі істер атқаратын халықаралық ұйымдардың қай-қайсысы да ізгі мақсат көздейді. Түбі бір түркілердің тілінде орындалатын өнер түрлерін дамытып, қанатын қатайту — осы ұйымның еншісіндегі міндет. Бұдан аталған құрылым тек мәдени байланыстар орнатумен ғана айналысады деген ұғым тумауға тиіс. Ұйымға мүше елдердің арасында татулықтың болуына, тұрақтылықтың сақталуына ықпал етеді. Бұл ұйым түркі дүниесінің әлемдік өркениеттегі орнының берік болуын қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қояды. Ежелгі тарихқа жүгінсек, түркі тұтастығының ыдырап кетуіне ел арасындағы бірлікке сызат түскендігі себеп болғанын көреміз. Ендеше тарыдай шашырап кеткен рухани құндылықтарды жинап, барымызды түгелдеп, жоғымызды іздеу үшін түркі дүниесінің бірлігін сақтап қалу өте маңызды.

Ұлттық дәстүрлердің көркем білім берудегі және бейнелеу өнеріндегі жақындасуын саралау мәдениеті және өнер тарихы дәстүрлері арқылы шығармашылық іс-әрекеттерді жетілдіру

маңызын қарастырар алдында қысқаша тарихи шолу жасаған жөн. Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралғаны тарихтан белгілі. Кең байтақ өлкеде көшіп-қонған олар оңтүстік шығысында қытайлармен, солтүстік-батысында славяндармен, ал оңтүстігінде парсылармен шектесіп, олардың отырықшы мәдениетінің арқасында арасында дәнекер бола отырып, жан-жақты өркендей бастады [1].

Түркілер әлем мәдениетін сусындатып, өз тілдерін, өз елдігін сақтады. Түркілердің ішінде өзбек, түрік, әзірбайжан, түрікмен, қырғыз және қазақ сияқты ірі халықтар мен бірге шор, долған, қарайым, қыпшақ сияқты ұсақ ұлыстар да болды. Орта Азия халықтарының көп ғасырлық дамыған мәдениеті XIV-ғасырдың екінші жартысынан баста қайтадан өрлей бастады. Мәдениетімізді дамытудағы жаңа өрлеуге жағдайлар жасалды. Олардың тарихи тағдыры мен мәдениеті өз ұлттарына қарай әр түрлі қалыптасты. Ұлттық дәстүрлердің көркем білім берудегі және бейнелеу өнеріндегі жақындасуын саралау бүгінгі күні де дүниежүзілік өркениетте ерекше маңызы бар екені белгілі. Түп негізі бір, тілегі ортақ, түркі жұртын тек бір-бірін киналмай ұғысатын тіл ғана жақындастырып қоймайды, олардың етене араласуына бастау-негізі тамырлас өнердің де ықпалы аз болмайды. Түркі өнері - түркілік рухты қозғайтын айрықша құбылыс [2].

Еуразияда түркітілдес халықтар қоныстанған жер аумағы, солтүстік-шығыста сонау мұзды мұхиттан оңтүстік-батыста Босфор шығанағына дейінгі үлкен аймақты алып жатыр.

Қазақ халқының мәдениеті - ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заман талабына сай дамып, қалыптасып келеді.

Адамзат адамзат болып жаралғаннан бері, бірі қанап, бірі қаналғаннан бері одан кейін де ұлт, халық, ел саналғалы бері қаншама мыңдаған жылдар өтіп келеді. Ұлы мекен түркі тілдес халықтар достығы арасында міне бүгінгі таңда яғни ХХІ-ғасырға аман-есен жетіп ауызбірлік, ынтымақтастыққа келіп отырмыз.

Әлемдік өркениетте айшықты қолтаңбасы бар түркі дүниесін руханият саласындағы қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі арқылы да танимыз.

Негізінен бейнелеу өнері мамандықтары өкілдері әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркітілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы ой бөлісіп отыру қажеттілігі туындады.

Түрік республикасы мен біздің елдер арасындағы тек саяси және экономикалық емес, осы симпозиум бейнелеу өнері факультеттері қатысуымен мәдени және білім беру сферасы арқылы байланыс орнату мақсатын қойып отыр. Түрік халықтарының дәстүрлі және замануи өнер түрлері негізінде өнер саласындағы білім беру үдерісіне талдау жасай отырып, біртұтас бағдарлама жасауға тырысу. Сөз жоқ, осындай шаралар өнер мен білім беру негізінде түркі тектес, тілі, діні бір халықтардың интеграциялық үрдістерін жеделдетуге ықпал етеді [3].

Әлемге құлашын кең жайып келе жатқан жаһандану үрдісі түркі тілдес елдердің рухани сипатына қауіп төндіретінін ескерсек, оған тек дәстүрді сақтау, ынтымақтастықты дамыту арқылы ғана қарсы тұра алатынымызды ұмытпағанымыз жөн. Бұл турасында да халықаралық ұйымның атқарып отырған істері сан алуан. Өзара байланыс түркі халықтарының салт-дәстүрлерін мейлінше дамытуға күш салады. Сондықтан бұл ұйым ортақ тарихтың тереңіне үніледі. Тарихтың сабақтарын кейінгі буынға көбірек ұқтыруға тырысады. Түркінің ұлы мәдениетінің болғанын, оны сыртқы күштердің қандайының да басып-жаншып тастай алмағанын, әр халықта сақталып қалған дәстүрлердің басын құрап, рухани дүниеміздің алтын сынықтарын жинап, қайта құрастырсақ, әлемдегі орнымыздың айрықша болатынын санаға сіңіреді. Сонда рухы биік ел жаһандануға қарсы тұра алады. Міне, осындай ұйым рухты көтеретін дәстүрлі өнерді дамыту үшін бар мүмкіндікті қарастырады. Ұйымның бұл бағыттағы ізденістері әзірге жеміссіз емес. Соңғы жылдарда мәдениет саласында жүргізілген зерттеулер әлеуметтік идеалдардың тоқырауынан кейін этностық деңгейдегі мәдениеттерді топтастыру үрдісі күшейе түскенін аңғартады.

Халықтардың рухани бастау-негіздері, ілкі мәдениеттері, басынан кешкен тағдыр-талайының ұқсастығы олардың қарым-қатынастарын берік орнықтыруына негіз бола алады. Ұйым жұмысын жүргізу барысында есте ұсталатын қағиданың бірі осы. Бұл орайда туысқан түркі тілдес халықтар мәдени байланыстар арқылы рухани қатынас дәстүрін қайта жанғыртуға талпыныс танытып отыр.

Ерте ортағасырлар, жалпы аймақтық мәдениет тарихындағы соның ішінде түркі халықтары мәдениеті шеңберіндегі Орталық Азия өнері тарихындағы ерекше бір дәуір болып есептелінеді. Бұл өркениетті жаратқан ежелгі түрік мемлекеттері халықның дүниеге көзқарасы ең алдымен сәулетінде анық көрінеді. Түрік мәдениеті тұтас бір дүние ретінде, оның негізгі құндылығы көшпенділер мәдениеті мен отырықшы елдер өркениетіне негізделіп, олардың бір біріне ықпал, әрекеті ажырамас жағдай ретінде қаралады. Ежелгі түрік елдері сәулетінің генезисін үйрену, қазіргі замандағы бүкіл түрік әлемін жақындастыру идеясы жарығында өзекті мәселе екендігі айқын. Сондықтан, ежелгі дәуірде және орта ғасырлардағы Орталық Азия түрік халықтарының өнерінің тарихы қалпына келтіру және олардың көркемдік кеңістігін құрастыру принциптері мен тәсілдерін талдау, ғылыми ізденістің негізгі мақсаты болды. Тарихи-мәдени тұрғыдан талдау, түрік халқының этномәдениеті мен дүниетану көзқарасына бейімделген әртүрлі діни жүйелердің өзара әрекеті қосылған көп компонентті жағдай екендігі анықталды. Орта ғасырдағы сәулеттік тақырыптар және кескіндер негізінен қола және алғашқы темір дәуірінде анықталған. Сол кезде қалақұрылысы мәдениетінің негізі қалыптасып, түрік мемлекеттері кезінде гүлдену дәрежесіне жеткен. Сонымен бірге қалақұрылысы іс жүзінде барлық Орталық Азия көшпенділері мәдениетіне тән екендігі анық көрініп тұр. Өнер туындылары ішіндегі ең ғажайыптарының композициялық құрамын талдау, олардағы баяғы қола дәуірінде орын алған түрік-парсы симбиозының (қосындысының) қатты дамығандығын көрсетеді. Бірақта Орталық Азия мәдениетінде алғашқы орта ғасырлар кезінде өнердің доминант ролі идеясын қайта қарау қажет, себебі бұл кезде түрік өнері қалыптасты және нығайды. Бұл көзқарас түрік өнері жәдігерлерін зерттеу нәтижесінде олардың кеңістік

құрылымында өзіндік ерекшеліктері түрік халықтарына ғана тән дәстүрлер және дүниетанымы негізінде қалыптасқаны анықталды. Түріктілдік халықтардың өнерін зерттеу нәтижесінде олардың жалпы адамзат өнеріне, мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқандығы сөзсіз [5].

Біздің мақсатымыз— түркі халықтарының тарихын, дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі, біртұтас үдеріс ретінде өзара іс-әрекеттеріміз мысалында қарастыру. Студенттердің, болашақ өнер саласы мамандардың түрік әлемінің тарихына шынайы көзқарастарын қалыптастыру. Соның ішінде, түрік халықтарының бір бөлігі ретінде қазақтардың, Қазақстанның мәдениеті мен өнер тарихына ерекше көңіл бөлу. Түркі тілдес халықтар тарихының даму барысын игеру; - көтеріліп отырған мәселе арқылы негізгі ғылыми әдебиеттерді меңгеруге көмектесу; - студенттерге түркі тілдес халықтардың түбі бір екендігін түсіндіру; - көне және ортағасырдағы түріктердің мемлекеттілігі мәселесін және олардың өзара мәдени байланыстарын өнер құралдары арқылы ашып көрсету; - түркі халықтарының жаңа және қазіргі замандағы тарихының, мәдениетінің және өнерінің өзекті мәселелерін ашып көрсету.

Мәдениет - бүкіл адамзаттың тарихында жасалған материалдық және рухани байлықтың жиынтығы. Өткен мәдениетіміздің жаңа мәдениетке ауысуы қоғам тарихының заңды, мәдениетті жаңаша түрленуі болып саналады. Өйткені мәдениет пен өнер сананың, білім мен тәрбиенің, қоғамның жаңашыл даму кезеңіндегі дәрежесін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Karoğlu. A. “Folklorik Unsurların Resme Yansıması ve Yaşatılması Bağlamında Bazı Düşünceler/Some Thoughts on the Reflections of Folkloric Elements in Painting and Cherishing Them.” MİLLÎ FOLKLOR- Üç Aylık Uluslararası Kültür Araştırmaları Dergisi, Cilt 13, Sayı 104, ISSN 1300-3984 Hakemli Dergi, s. 99-110 (2014)
2. Karoğlu. A. “Anadolu Selçuklu Süslemelerinin Kaynakları ve Çağdaş Sanat İlişkisi Üzerine Bir Deneme”, Selçuklu Semineri, Antalya, (1996)
3. К.Аманжолова «Түркі халықтарының тарихы» №2 -2002ж.